

БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

Үшбұрыштар мен төртбұрыштардың аудандары

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37665/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні:

Тақырыбы: Үшбұрыштар мен төртбұрыштардың аудандары

Мақсат:

Жаңа білім	Төртінші тоқсанда осы уақытқа дейін өткен барлық маңызды материалды есіне түсіреді. Оның ішінде: Параллелограмның ауданын табуы, Ромбының ауданын табуы, Үшбұрыштың ауданының формулаларын, Үшбұрыштың ауданын табуы, Трапецияның ауданын табуы.
Жаңа түсінік	Есептерді шығарудың жолдарын түсінеді. Төртінші тоқсанда осы уақытқа дейін өткен барлық маңызды материалды жинақтап қорытады.
Қолданым әрекеті	Параллелограмм мен үшбұрыштың ауданын тапқанда, сабақта өткен ауданды табу формулалары мен теоремаларын қолданады.
Талдау әрекеті	Ауданды табу есептерін әр қырынан талдайды. Ол есептерді шығарудың жаңы жолдарын ерекшелейді
Шығармашылық әрекет	ABC үшбұрышының кез-келген медианасы сол үшбұрышты тең шамалы (аудандары тең) екі үшбұрышқа бөлетінін қолдана отырып және оны түрлендіре отырып әр түрлі пропорцияда бөлінген жағдайға формула ойлап табады.
Бағамдау әрекеті	Төртінші тоқсанда осы уақытқа дейін өткен материалдың ішіндегі маңыздыларын ерекшелейді. Параллелограмм мен үшбұрыштың ауданын есептейді

Сабақ құрылымы:

- I. Қайталау (7 мин.).
- II. Алғашқы бекіту (7 мин.).
- III. Құзырлылық қалыптастыру (15 мин.).
- IV. Шығармашылық қалыптастыру (8 мин.).
- V. Бағамдау-бағалау (3 мин.).

Сабақ типі: фронтальді, жұптық

Оқыту әдісі: репродуктивті, ішінара ізденушілік.

Мұғалім іс-әрекетінің тәсілі: Оқушыға жол сілтеу

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

Аудан, тіктөртбұрыш, параллелограмм, параллелограмның қабырғасы, биіктігі, бұрышы, диагональ; ромб, ромбының қабырғасы, биіктігі, бұрышы, диагональ, үшбұрыш, үшбұрыштың табаны, биіктігі, Трапеция, трапецияның табаны, биіктігі, орта сызығы.

Оқушыда дағды қалыптастыру:	
Тақырып бойынша әртүрлі ерекше сұрақтарды шешу, белгілеген мақсатқа қол жеткізу, өзін-өзі дамыту, топпен жұмыс істеу және топ жұмысының нәтижесін көру, өз ойын сынып алдында қорғай білу, өзгелердің жауабын көңіл бөліп оларды талдау.	
Үй тапсырмасы:	
1. ABCD параллелограмм, DC қабырғасынан кез-келген K нүктесі алынған. $S_{ABCD} = 2S_{ABK}$ екенін дәлелдеңіз.	
2. Rr өрнегін үшбұрыштың қабырғалары арқылы өрнектеңіз	
БОНУС: Егер екі симметриялы үшбұрыш берілсе, біреуінің қабырғалары екіншісінен екі есе кіші. Аудандарының арасындағы қатынасты табыңыз	

Тақырып жоспары:

Топ басшысын сайлау оған бағалау парақшасын беру.

1. Үшбұрыштың ауданын табу формулалары (постерге суретін салып формуласын жазып, қорғау)
2. Үшбұрыштың ауданын табу тапсырмаларын орындау дәптерге
3. Математикалық жұмбақты ауызша шешу
4. Төртбұрыштардың аудандары сәйкестендіру тапсырмасы (үлестірме қағазы)
5. Төртбұрыштардың ауданын табу тапсырмаларын орындау дәптерге
6. Шығармашылық жұмыс
7. Сабақты қорытындылау ауызша
8. Кері байланыс орнату
9. Үй жұмысын беру

Оқушының аты-жөні	Постер қорғау	Үшбұрыштарға есептер шығару	Математикалық жұмбақ	Сәйкестендіру	Төртбұрыштарға есеп шығару	Шығармашылық жұмыс	Ауызша қорытынды жасау

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.